

Қарасу ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың 2014 жылға арналған қосымша тізбесін анықтау туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қазандағы № 242 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 желтоқсанда № 4328 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасу ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың 2014 жылға арналған қосымша тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. "Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары К.Ғ. Әлімжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Шәмшиев

Әкімдіктің
2013 жылғы 31 қазандағы
№ 242 қаулысына қосымша

Қарасу ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың 2014 жылға арналған қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.
2. Елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар.
3. Үш ай және одан көп ай жұмыс істемеген жұмыссыз тұлғалар.